

Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, авто және кемемодельдеу) республикалық жарысын өткізу қорытындысы бойынша ақпарат

Ақтөбе қ.

30.09.- 02.10. 2014 ж.

28.01.2014 жылғы 16 қызмет көрсету келісімшартын орындауда 010 «Республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды, республикалық олимпиадаларды, байқауларды өткізу» бюджеттік бағдарлама аясында 2014 жылғы 30 қыркүйек пен 2 қазанда Ақтөбе қаласының техникалық шығармашылық Орталығында техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, авто және кемемодельдеу, қазіргі робот техникаларының моделдері) республикалық жарысы өткізілді.

Жарыстың мақсаты:

Білім алушылардың құрастырушылық ойлау және ғылыми-техникалық шығармашылығын, білім беру үдерісіндегі роботтарды құрастыру және сандық технологияларды қолдану бойынша әдістемелік базаны дамытуға ықпал жасау.

Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың жарысы бағдарламасының аясында әуе, зымыран, авто және кемемодельдеу бойынша шығармашылық жұмыстардың көрмесі ұйымдастырылды; робототехника, авто және кемемодельдеу бойынша жарыстар өткізілді.

Жарысқа қосымша білім беру ұйымдары білім алушыларының командалары және республиканың барлық аймақтарынан Алматы қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысынан басқа жалпы білім беру мектептеріндегі оқушылардың командалары қатысты. Қатысушылардың жасы-13-17 жас.

Жақсы дайындықты мына командалар көрсетті: Астана қаласы, Ақтөбе, Павлодар, Батыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары.

Төрешілер 5 номинация бойынша 48 жеңімпаздарды анықтады: әуе, авто, кеме, зымыран модельдеу және робототехника бойынша:

- I орын – 15 адам.,
- II орын – 15 адам.,
- III орын – 15 адам.,
- жалпы командалық – 3 команда.

2014 жылғы 2 қазанда Республикалық жарыстың жалбылу салтанатында жеңімпаздар дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды:

- I жалпы командалық орын: Ақтөбе облысы – видеокамера;
- II жалпы командалық орын: Қостанай облысы – планшет;
- III жалпы командалық орын: Ақмола облысы – электронды кітаптар;
- I, II, III орындарды алған қатысушыларға мобильді телефондар тапсырылды.

Жеңімпаздарды дайындаған педагогтерге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығының алғыс хаттары тапсырылды.

Барлық қатысушылар сертификаттар алды.

Сондай-ақ, жарыстың аясында ҚР БЖҒМ Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығының директоры Шер Р.П. қатысуымен ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарының директорларымен бірге 2015-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жастардың және балалардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесін дамытуда Концептуальді тәсілдемелерін талқылау бойынша мәжіліс өткізілді.